

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасындағы Өтеусіз әскери көмек көрсету туралы келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 31 шілдедегі N 1168 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасындағы Өтеусіз әскери көмек көрсету туралы келісімнің
ж о б а с ы м а қ ұ л д а н с ы н .

2. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі Әділбек Рыскелдіұлы Жақсыбековке қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасындағы Өтеусіз әскери көмек көрсету туралы келісімге қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 9

ж ы л ғ ы

3 1

ш і л д е д е г і

N 1 1 6 8

қ а у л ы с ы м е н

мақұлданған

жоба

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасындағы Өтеусіз әскери көмек көрсету туралы келісім

(2011 жылғы 25 қазанда күшіне енді -
Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары бюллетені,
2011 ж., N 2, 20-құжат)

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі (б ұ д а н ә р і - Т а р а п т а р) ,

қазіргі өзара достық қатынас пен әскери саладағы ынтымақтастықты күшейтуге н и е т б і л д і р е о т ы р ы п ,

1999 жылғы 16 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасындағы Әскери-техникалық ынтымақтастық туралы келісімді б а с ш ы л ы қ қ а а л а о т ы р ы п ,

1999 жылғы 16 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасындағы Әскери саладағы ынтымақтастық туралы келісімнің ережелерін ескере отырып, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Тәжікстан Республикасы Қарулы Күштерінің қалыптасуына көмек көрсету мақсатында Қазақстан тарабы Тәжікстан тарабына өтеусіз әскери көмек көрсетеді.

2-бап

Осы Келісімді іске асыру мақсатында Тараптар мынадай уәкілетті органдарды тағайындайды:

Қазақстан тарапынан - Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі;

Тәжікстан тарапынан - Тәжікстан Республикасы Қорғаныс министрлігі.

Уәкілетті органдардың атауы немесе функциялары өзгерген кезде Тараптар дипломатиялық арналар арқылы бір-бірін дереу хабардар етеді.

3-бап

Өтеусіз әскери көмек материалдық көмек түрінде ұсынылады. Берілетін мүліктің тізбесі мен саны осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын қосымшада айқындалған.

4-бап

Қазақстан тарабы мүлікті Қазақстан Республикасының аумағынан Тәжікстан Республикасының аумағына (Душанбе қаласы) дейін Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің авиакөлігімен жеткізуді қамтамасыз етеді, онда Тараптар тағайындаған өкілдер оларды тиісінше қабылдау мен беруді жүргізеді. Бұл ретте Душанбе қаласына дейінгі көліктік шығыстарды Қазақстан тарабы төлейді. Тәжікстан тарабы Тәжікстан Республикасындағы кедендік рәсімдерді ресімдеу үшін шығыстарды өзі көтереді және жауапты болады. Берілетін мүлікті Қазақстан Республикасында кедендік ресімдеу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

5-бап

Тәжікстан тарабы Қазақстан тарабының алдын ала жазбаша келісімін алмай, Қазақстан тарабынан алған мүлікті немесе оларды пайдалануға арналған құқықты үшінші тарапқа бермейді.

6-бап

Тараптардың келісімі бойынша осы Келісімге тиісті хаттамамен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

Осы Келісімді іске асыру кезінде туындайтын кез келген келіспеушіліктер келіссөздер мен консультациялар жолымен шешілетін болады.

7-бап

Осы Келісім оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарламаны дипломатиялық арналар арқылы алған күнінен бастап күшіне енеді.

Осы Келісім Тәжікстан Республикасының Үкіметіне осы Келісімге сәйкес берілетін материалдық көмек толық берілген сәттен бастап өзінің қолданысын тоқтатады.

2009 жылғы " " қаласында әрқайсысы қазақ, тәжік және орыс тілдерінде екі түпнұсқа данада жасалды әрі барлық мәтіндердің күші бірдей.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

Қазақстан Республикасының *Тәжікстан Республикасының*

Үкіметі үшін *Үкіметі үшін*

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен

Тәжікстан Республикасының Үкіметі

арасындағы Өтеусіз әскери көмек

көрсету туралы келісімге

қосымша

Берілетін әскери мүліктің

тізбесі

Р/с N	Мүліктің атауы	Өлшем бірлігі	Саны
1.	ЖИМ жартылай өткізгіш индукциялық мина іздегіш	дана	40
2.	МЖС мина жарушы сөмкесі	жиынтық	100
3.	РДВ-1500 суға арналған резервуар	жиынтық	40
4.	РДВ-100 суға арналған резервуар	жиынтық	50
5.	МПЛ-50 шағын жаяу әскер күрегі	дана	100
6.	БСЛ-110 үлкен сапер күрегі	дана	100
7.	П-2М фонарь	дана	100
8.	ЛМ-48 желілік көпір	дана	30
9.	ПМГ (ЕО-18) газтұтқыш	дана	1000

10.	ИП-4 газтұтқыш	дана	500
11.	ОП-1 (Т-15) қорғаныш плащ	дана	1000
12.	(Т-15) қорғаныш шұлық	дана	1000
13.	БЛ-1м қорғаныш қолғап	дана	1000
14.	Шұлық пен қолғапқа арналған қап	дана	1000
15.	ДП-5 а (б) дозиметрлік аспап	дана	100
16.	ДП-64 дозиметрлік аспап	дана	100
17.	ДП-22В дозиметрлік аспап	дана	50
18.	ВПХР химиялық барлау аспабы	дана	100
19.	КЗО-1 қоршау белгілерінің жиынтығы	жиынтық	100
20.	ИДП-С газсыздандыру пакеті	қорап	1000
21.	МК-10 тасымалданатын асхана	бірлік	10
22.	КП-20 тасымалданатын асхана	бірлік	30
23.	КО-75 тасымалданатын асхана	бірлік	40
24.	КП-130 тіркеме асхана	бірлік	10
25.	Санитарлық зембіл	дана	1000
26.	Офицерлік құтылар	дана	50
27.	Болат дулыға	дана	2000
28.	Шағын металл ыдыс	дана	2000
29.	Қабы бар металл құты	дана	2000
30.	Әскери-арнайы әдебиет	дана	180

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК